



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

19 сәуір
сейсенбі
№31 (1836)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

апталығы

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?



Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Халық табысының деңгейін статистикаға сүйенбей-ақ айтуға болады. Қарапайым халықпен пікірлесе қалсаңыз, несиеге табысы жетпеген, айлықтан-айлыққа зорға жететін, жұмыс таба алмай жәрдемақымен күнелткен отбасылар аз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басындағы Мәжіліс отырысында бұл мәселеге ерекше тоқталып, халықтың табысын арттыруды қолға алуды тапсырды. Президент «Мемлекеттік аппарат «өзін-өзі тиімді жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» сияқты терминдермен құтылып кетуді ойлайды. Кесірінен көптеген адам әлеуметтік қорғаусыз қалып жатыр. Сол үшін бірқатар шара қабылдаған жөн. Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әрлеу қажет», – деген болатын.

Президент тапсырған бағдарлама да көп ұзатпай қабылданды. Ел үміт артқан бағдарлама елдегі кедейлік деңгейін төмендетуге, халықтың табысын арттыруға, елді жұмыспен қамтуға қалай көмектесек? Жалпы бұл бағдарламадан не күтеміз?

Айта кетелік, бағдарлама әзірлеу барысында экономика министрлігі мемлекеттік органдармен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және сарапшылық қауымдастығымен бірлесіп, кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейі бойынша нақты жағдайға талдау жүргізген. Талдау елдің бүгінгі күнкөріс деңгейін анықтаған. Сандарды сөйлестек, соңғы екі жылда халықтың нақты ақшалай табысының өсу қарқыны 2019 жылғы 6,4 проценттен 2021 жылғы қантар-ақпанда 3,1 процентке дейін бауулағаны байқалған.



2 БЕТТЕ

Еңбек

және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің дерегіне
сүйенсек, еңбек нарығында 300
мыңға тарта жұмыссыз және NEET
санатындағы жастар, 80 мыңнан астам
көпбалалы және мүгедектігі бар бала
тәрбиелеп отырған аз қамтылған отбасы
бар. Бұл орайда министрлік әлеуметтік
қолдауды және жұмыспен қамтуды
қажет ететін азаматтарды
«ерте анықтау» жүйесін
енгізуді қолға алған.

АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?



Осыған орай, біз де әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, қала тұрғындарының пікірін білген едік.

– Шаһардағы көпқабатты тұрғын үйлерге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекеменің бірі – «Сырэлектромонтаж» ЖШС қала орталығындағы «Универсам» шағын ауданында жұмыс атқаруда.

Шаруашылық директоры Еркін Дүйсенбековтің айтуынша, барлығы қатан қадағаланып, жұмыстың сапалы орындалуына баса мән берілмек.

– Кез келген істің артында сұрауы болады. «Іс бітті, қу кеттіңің» қарекеті болмауы керек. Міндетімізге жүктелген істі мұнтаздай етіп бітіру керек. Біздің компания 2009 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Құрылыс саласында тәжірибеміз мол. Осында 1 техника мен 6 адам ауысым бойынша жұмыс атқаруда, – дейді «Сырэлектромонтаж» ЖШС директоры Е.Дүйсенбеков.

Жасыратыны жоқ, бұл көпқабатты тұрғын үйлердің көбісі ескіріп, тозығы жеткен. Кеңес заманында бой көтерген үйлердің кейбірінде ширек ғасырға жуық жөндеу көрмегендер де кездеседі. Шатырдан су ағу, жылу құбырлары мен көріз жүйесінің нашарлауы секілді мәселелер тұрғындарды әбден титықтатып жіберген. Сондықтан модернизация жүргізілуін мұндағы жергілікті тұрғындар қуана қабылдауда.

– Осында тұрып жатқаныма он жылға жуықтады. Үйдің кем кетігін айтып, талай мәрте ұсыныс білдірдік. Міне, биыл жаңарып жатыр. Бұл бізге үлкен қуаныш сыйлауда. Тек құрылыс жұмысы сапалы жүргізілсе деген тілек бар, – дейді қала тұрғыны, зейнеткер Роза Күзенбаева.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бойынша қала аумағында 20-ға жуық көпқабатты тұрғын үйлерге кәсіпкерлер мен демеушілердің көмегімен әрлеу жұмыстары қолға алынуда. Ал сұранысты қажет ететін үйлер алдағы уақытта кезек-кезеңімен жөнделе бермек. Қолға алынған күрделі жөндеу жұмыстары тұрғындарды қуантты.

Көпөтерлі тұрғын үйлерге жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту жұмысы алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын таба бермек. Демек бұл бір маусымдық жұмыс болмайды. Ендеше, қызылордалықтардың шаһар шырайын кіргізер жайлы баспанада қиындықсыз күн кешетін кезі алыс емес.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТЕГІН ЖЕР:

ҚАШАН? ҚАЛАЙ? ҚАЙДАН?



3 БЕТТЕ

Наурыздан бастап Қазақстанның электронды үкімет порталында жеке-меншік тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алуға кезекке тұру қызметі іске қосылды. Енді қазақстандықтар үй салуға арналған жер алуға кезекке тұрып, оның қозғалысын онлайн бақылай алады. Бұл қызмет қосыла салысымен жер алуға өтініш берушілер қатары артты. Бүгін сол мемлекеттен берілетін «тегін жерді» қалай, қашан және қайдан алуға болатыны туралы сөз қозғамақпыз.

Бұған дейін тұрғын үй салуға арналған мемлекеттен берілетін жерді алу үшін тұрғындар жергілікті әкімдікке баруға мәжбүр еді. Оның үстіне жер кезегінде нешінші болып тұрғанын білу де біраз әбгерге салатын. EGov-тағы жаңа функцияның қосылуы істі жеңілдетіп, үйден шықпай-ақ бар ақпаратты алуға мүмкіндік сыйлады. Десе де бұл функция қосылған тұста халық арасында тегін жер таратылып жатқандығы туралы ақпарат ағылды. Осыған байланысты мемлекеттен жер алу мәселесін тереңірек зерттеп көрдік.



Ақтілек БІТІМБАЙ

Бүгінде жастардың әскери борышын өтеуден жалтаратыны туралы әңгіме көп. Бәріне белгілі бір жайт, әскерге шақыру жылына екі-ақ рет келеді. Біріншісі көктемде, екіншісі күз мезгілінде. Ақпарат көздеріне сүйенсек, соңғы кезде әскери науқанда қанша азамат шақырылса да, әскери борышын ерікті өтеушілердің қатары азайған.

ӘСКЕРГЕ КІМ БАРМАЙДЫ?

Жастардың дені жалтарып, түрлі сылтау мен бармаудың жолын табады. Ойткені борышкерлердің көбі әскерге баруды текке уақыт өткізу деп есептейді-мыс. Сірә, мұны жоққа шығару мүмкін емес. Өйткенімен бәріне бірдей күйе жағуға да болмайды. Ойткені әскерден түрлі себеппен босатылып немесе мүлдем шақырылмайтындар да бар. Бүгінгі мақаламызда «әскерге кім бармайды?» деген сауал төңірегінде әңгіме қозғамақпыз.

Алдымен әскерге шақыру жұмыс барысын айтайық. Қазіргі таңда жылдағы дәстүрмен әскерге шақыру қарқынды жүргізілуде. Бұл туралы қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Парасат Жанабергенов мәлімдеді. – Мемлекеттің шекарасын күзету, халықтың тыныштығын қорғау – үлкен абырой мен сенім екендігін жас ұрпаққа түсіндіру маңызды қадамдардың бірі. Осы орайда, жыл басынан бастап Қызылорда қаласының әкімдігінің ұйымдастыруымен қалаға қарасты 9 ауылдық округ пен 2 кентте, сондай-ақ қала орталығында, жалпы

15 кездесу өтті. Кездесулерде қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов және сала мамандары ер азаматтардың әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеу міндеті туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, қалалық жастар ресурстық орталығымен жыл көлемінде әскери мамандықтарды жастар арасында насихаттау шаралары жалғасын таппақ. Әлеуметтік желілерде осы бағытта тікелей эфирлер де өткізу жоспарланған.

3 БЕТТЕ

БАСПАНА КЕЗЕГІН КҮТКЕНДЕР КӨП...

«Баспана дұрыс берілмей жатыр», «Кезегіміздің жылжитын түрі жоқ». «Мемлекет берген үй жекеменшікке өте ме?», «Жалдамалы пәтер кімдерге беріледі?». Қазір бұл сауалдар көптің көкейінде жүр. Екі адамның басы қосыла қалса, осыны айтады. Расында, елімізде баспана – ең өзекті мәселенің бірі.

Бір баспанаға қол жетпегендер пәтер жалдап, амалы жоқтан туысын жағалап жүр. Ойткені олардың үй салуға, сатып алуға шамасы келмейді. Ендеше, көптің көңілін алаңдатқан баспана мәселесін шешу жолындағы елдегі атқарылып жатқан жұмыстарға толығырақ тоқталсақ.



25951 ОТБАСЫ КЕЗЕКТЕ ТҮР

Бұл қала бойынша мемлекеттен үй алуға дәмелі жандардың, үкімет қолдауынан үмітті азаматтардың тізімі. Тіпті, қанша жылдан бері кезек күтіп, екі көзі төрт болғандар қатары аз емес. Жалпы мемлекеттік қордан кімдер үй алады? Бұл сауал көпті толғандырары анық. Бұл тізімге Ұлы Отан соғысы ардагері мен мүгедектері, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындар, мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметкерлер, ғарышкерлер мен ғарышкер болуға үміткерлер, мемлекеттің сайланбалы орган қызметкерлері және ҚР заңы аясында баспанасы апатты жағдайда қалған азаматтар құқылы. Одан бөлек, көпбалалы отбасылар мен толық емес отбасылар, асыраушысы жоқ балалар жатады.

– Бүгінде қала әкімдігінде үйге мұқтаж адамдардың 6 дара тізімі бойынша 25951 отбасы кезекте тұр. Оның ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 1344 болса, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарында 9942 адам кезекте тұр. Сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар 3500 құрайды. Ал мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын 1080 адам кезек күтуде. Сонымен қатар жалғыз тұрғын үйі ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған 364 азамат жаңа баспанадан үміт күтіп отыр, – делі қалалық әкімдігінің үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дінмұхамед Сырлыбаев.

2 БЕТТЕ

Талдау нәтижесінде халық табысын арттыру бағдарламасына 10 басымдық белгіленген. Атап айтқанда, ел дамуының негізі – жұмысшы жастар, халықтың осал топтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастырудың жаңа мүмкіндіктері, бюджет жұмыскерлеріне лайықты жалақы, еңбек кірісіндегі теңгерімсіздіктерді жою, ауылшаруашылығында жұмыспен қамтуды арттыру, туризмдегі жұмыспен қамтуды арттыру, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде жаппай жұмыспен қамту, өңдеу өнеркәсібінде тиімді жұмыспен қамтуды ынталандыру, халықтың табысын арттыру факторы ретінде кәсіпкерлік кірістің өсуін ынталандыру, табыстың сатып алу қабілетін қорғау.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров бағдарлама шеңберіндегі шараларды шартты және жанама деп бөлуге болатынын айтты. Тікелей шаралар бюджет жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге және кірістердегі теңгерімсіздікті теңестіруге бағытталған. Жанама шаралар халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кәсіптік даярлау (қайта даярлау), өңдеуші кәсіпорындардың өнімділігін арттыру және кәсіпкерлікті дамыту арқылы табыстың өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Бағдарлама 80 шарадан тұрады, олар мынадай негізгі бағыттарға бөлінген: халықтың еңбек табысының артуы; кең ауқымды жұмыспен қамтуды дамыту арқылы халықтың табысын арттыру; сатып алу қабілетін қорғау. Бағдарламаны іске асыру лайықты еңбек пен масылдықтан бас тарту идеяларын ілгерілету жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысымен қатар жүретін болады. Еңбек табысын арттыру бағыты аясында 22 шара іске асырылады. «Еңбек табысының өсуін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ғылым салалары

Басы 1-бетте

жұмыскерлерінің орташа жалақысы көтеріледі. Өндіріс кәсіпорындары жұмыскерлерінің табысындағы теңгерімсіздіктерді жою бойынша шаралар қабылданады», – деді Ә. Қуантыров. Оның айтуынша, еңбек өнімділігін арттыру

көзделген. Одан кейін министр кең ауқымды жұмыспен қамтуды дамыту арқылы халықтың табысын арттыру бағытында 41 шара іске асырылатынын айтты. Жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған іс-шаралар жастарды

ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?



мақсатында өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын жаңғыртуды ынталандыру бойынша шаралар іске асырылмақ. Өндірістік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламада «Өмір жолдамасы» кадрларды алдын ала даярлау жобасын өңірлік деңгейде іске асыру сияқты іс-шаралар

жұмысқа орналастыру бойынша «Алғашқы жұмыс орны», «Түлектерге арналған жастар практикасы» жобаларын, сондай-ақ осал топқа жататын жекелеген адамдарды жұмысқа орналастыру тетігін іске асыруды қамтиды. «Мектеп оқушылары, колледж түлектері

арасында кәсіптік бағдар беруді енгізу, халықты, негізінен жастарды жаппай даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру «фабрикаларын» құру жөніндегі іс-шаралар біліктілік пен дағдыны арттыруға бағытталған».

Шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру шағын және орта бизнесті қолдаудың өңірлік бағдарламасы шеңберінде несиелер мен микронесиелер бойынша жергілікті бюджеттерден субсидиялар беру, моношағын калалар мен ауылдық елді мекендерде жеңілдікпен микрокредит беруді және жана кепілдік беру құралын енгізу арқылы жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар министр бағдарлама шеңберінде табыстың сатып алу қабілетін қорғауға ерекше мән берілетінін жеткізді. Осы бағытта мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады: ӨМАТ тізбесіне енген азық-түлік тауарларының өндірісін ұлғайту, ішкі нарықтың импортын негізгі азық-түлік емес тауарлармен алмастыру бойынша шараларды іске асыру, халықтың проблемалы қарыздарымен жұмыс істеу бойынша банктің жеке жоспарларын қабылдау.

Ұлттық экономика министрінің айтуынша, жоғарыда аталған іс-шараларды іске асыру 2025 жылға қарай мынадай 5 нысаналы индикаторға жоспарлы түрде қол жеткізуді қамтамасыз етеді: ЖІӨ-дегі еңбекақының үлесі – 34,5%, жалпы табыстағы еңбек қызметінен түскен табыстар үлесі – 76,2%, табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі – 5,2%, жұмыссыздық деңгейі – 4,7%, бүкіл кезең ішінде барлығы 2 млн астам адамға жұмыс орындарын құру. 2025 жылға дейін елімізде 2 млн-ға жуық жаңа жұмыс орны құрылады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сүйенсек, еңбек нарығында 300 мыңға тарта жұмыссыз және NEET санатындағы жастар, 80 мыңнан астам көпбалалы және мүгедектігі бар бала тәрбиелеп

отырған аз қамтылған отбасы бар. Бұл орайда министрлік әлеуметтік қолдауды және жұмыспен қамтуды қажет ететін азаматтарды «ерте анықтау» жүйесін енгізуді қолға алған. Сонымен қатар NEET жастар үшін «Алғашқы жұмыс орны», түлектер үшін «Жастар практикасы» «Ұрпақтар келісім шарты» жобалары аясында субсидиялаудың ұзақтығы мен мөлшері ұлғайтылса, жастарды жұмысқа ынталандыру үшін тиісті заңға «жас жұмысшы» ұғымын енгізіп, сынақ мерзімін алып тастау, басқа өңірден келген жастарға тұрғын үй жалдау үшін көтерме жәрдемақы енгізу шаралары, көпбалалы отбасыларды қолдау жұмысы жүреді.

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады. Қабылдауда халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асу барысын хабарлаған премьер-министрдің орынбасары бүгінде 1 миллионнан астам бюджеттік сала қызметкері мен квазимемлекеттік сектордың өндірістік сала маманының жалақысы көтерілгенін хабарлады. Сонымен қатар кәсіпкерлерге міндеттемелер беру негізінде мемлекеттен көмек алатын ірі бизнестегі 2,8 миллион қызметкердің табысын арттыру қарастырылған. Алдағы уақытта жаңа жұмыс орындарын ашу көзделген. Тағы бір атап айтарлығы, бағдарлама негізінде «Бақытты отбасы» жобасы аясында көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 20 мың әйел жұмыспен қамтылмақ. Жастарды жұмыспен қамту үшін «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» жобасы жүзеге асып, 400 айлық есептік көрсеткішке дейін грант берілмек.

Бір сөзбен айтқанда, атауының өзі халықты елден еткізген бұл бағдарлама халықтың табысын арттыруға қызмет етпек.



БАСПАНА КЕЗЕГІН КҮТКЕНДЕР КӨП...

ЖАЛДАМАЛЫ БАСПАНА ДЕГЕН НЕ?

Қазіргі кезде мемлекеттен беріліп жатқан көпқабатты тұрғын үйлер жалдамалы ма? Өлде жекемешікке өте ме? Бұл қанша жыл үй кезегін телміре күтіп, енді ғана қолы жеткен әрбір отбасыны алаңдатады. Мамандар мұны әлемдік тәжірибемен байланыстыруда. Мәселен, дамыған елдердің жинақтық қорының 30% жалдамалы пәтерден тұрады. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 1,7 процентті ғана құрайды екен. Осыған дейін мемлекеттен берілген баспана бес жыл өткен соң сол адамның атына жекешеленді. Ал қазір ше?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында жалдамалы төлемді субсидиялау

апаттық жағдайда деп танылған азаматтарға жалдамалы тұрғын үй беріледі. Оларға коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген баспананы жекешелендіруге болмайды, – деді қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дінмұхамед Сырлыбаев.

САЛЫНҒАН ҮЙДІҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Қазақта «үйі жоқтың күйі жоқ» деген сөз бар. Соңғы кездері Сыр өңірінде көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеріп, талай тұрғынның түйткілді мәселесін шешті. Қаншама жаңа баспана сыйлады. Дегенмен әлеуметтік желіде ол үйлердің сапасыз салынғаны туралы жиі көтеріледі. Мәселен, есік-терезелері дұрыс емес. Қыс мезгілінде үй салқын. Оның зардабын әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылар көруде. «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» дегенмен, тұрғын үйдің жаңға жайлы болмағанына шағым айтатындар көп.

Осындай тұрғынның бірі – Мира Жансейітова, (аты-жөні өзгертілді). Ол мүмкіндігі шектеулі бала бағып отырған жалғызбасты ана. Мемлекеттен қанша жыл сарыла күтіп алған үйінің жылуы дұрыс еместігін жеткізді. Сондай-ақ үйінің жалдамалы пәтер әлде жекемешікке өтетінін білмей дал болып жүргендердің бірі.

– Мен осы үйді көп күттім. Осыған дейін қалада он жылдан бері пәтер жалдап тұрдым. Енді үйлі болдым ба деген қуанышым көп ұзамай су сепкендей басылды. Алған пәтерімізде кемшілік көп. Денсаулығы жоқ баламды бұл үйде қалай ұстаймын? Сонымен қатар пәтерді өз атыма қашан аударамын деп сұрасам ешкім де жауап бермейді. Бәрі білмейміз деген бір сөзді айтады, – деді ол.

Расында, жаңа салынған көпқабатты пәтердің сапасына сын айтатындар көп. Әсіресе, мемлекеттен берілген жалдамалы пәтерлердің сапасы сын көтермейді. Өкінішті-ақ...

Сонымен қатар үй кезегін сарыла күтіп, «жылжитын түрі жоқ» деп жүргендер үшін қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дінмұхамед Сырлыбаев былай деп жауап берді.

Оның айтуынша, тұрғын үй алу кезектілігі kezekte.kz сайтымен реттелген. Кезек толықтай автоматтандырылған және азаматтардың кезекке тіркелуі ЭЦҚ кілті арқылы электронды форматта жүргізіледі. Кезектілік баспасөзде сайтта және kezekte.kz платформасында орналасқан.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ КІМДЕРГЕ ТИЕСІЛІ?

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясындағы мемлекеттік бағдарламалар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұртшылыққа дем беруде. Яғни, «жұмыс жоқ» деп қол қусырып отыруға болмайды. Қалай да әрекет ету керек. Бүгінгі күннің тұрмысы бос отыруға мүмкіндік те бермесі анық. Жеке кәсібін ашып, екі қолға бір күрек табылса деп мақсат етіп отырғандар да бар. Солардың сұранысына орай жылда берілетін қайтарымсыз қаржы көлемі биыл өсті. Яғни, кәсіп ашқысы келетін жандарға 1 млн 225 мың теңге беріледі. Бұл қаржыға бизнес бастаудың бағдарын қалалық жұмыспен қамту орталығының мамандарынан білгенді жөн көрдік.

– Жаңа бизнес идеяларға берілетін гранттардың талаптарына өзгерістер енді. Бұрын қайтарымсыз қаржы өз кәсібін ашқысы келетін және кәсіпкерлік негіздері құрстарын бітірген барлық жұмыссыздарға берілсе, биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастарға, атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасы мүшелеріне, көпбалалы отбасыларға, қандастарға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға және мүгедектігі бар тұлғаларға беріледі, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Тұрсынай Қойшыбаева.

Грант алуға өтінімдер «Электрондық еңбек нарығы» мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі Business.Enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдаудың бірыңғай онлайн терезесі арқылы қабылданады. Сонымен қатар грант алуға үміткерлер тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бойынша жұмыстарын көрсетеді.

– Қайтарымсыз қаржыны алу үшін қазіргі таңда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасы арқылы жүзеге асыратын «Бастау Бизнес» оқу курсының сертификатын талап етпеу мәселесін көтеруде. Осыған орай қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру жү-



Грант алуға өтінімдер «Электрондық еңбек нарығы» мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі Business.Enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдаудың бірыңғай онлайн терезесі арқылы қабылданады. Сонымен қатар грант алуға үміткерлер тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бойынша жұмыстарын көрсетеді.

мыстары жүргізілетін болады, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Тұрсынай Қойшыбаева.

Осы орайда айта кететін жайт, мемлекет берген қаржыны мақсатсыз пайдаланатындар да кездеседі. Демек осы бастан оның алдын алуға міндеттіміз. «Кәсіп ашамын» деп қаржыны жұмсап қоятындар бар екені жасырын емес. Бұл туралы сала мамандары да біледі.

– Тексеру кезінде олқылықтар орын алатыны рас. Қайтарымсыз қаржыны басқа мақсатта жұмсай салатындар бар. Мұндай жағдайлар тексеру кезінде анықталған. Өткен жылы мониторинг нәтижесінде сот органдарында мемлекеттік грантты мақсатты пайдаланбау деректері бойынша 102 азаматтық іс қаралды. Мемлекеттік бағдарлама негізінде бөлінген қаражатты республикалық бюджетке өндіру туралы талап арыздардың 83-і қанағаттандырылса, 4-і қанағаттандырудан бас тартқан, 15 азаматтық іс сотта қаралу үстінде.

Айта кетейік, біз оларға бағдарламаның нақты талабы мен жауапкершілігін түсіндіріміз. Осы орайда алған қаржыны қандай мақсатта жұмсауға болатыны жөнінде кеңінен тоқталып өткен жөн. Мемлекет грантты кәсіпке қажетті еңбек құралдары мен техника, мал, құс сатып алу үшін нысаналы мақсатта береді. Басқа тұтынушылық мақсаттарға, несие қарызын өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып

алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді. Шарт жасалған күннен бастап 12 ай ішінде қаражаттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жасалады, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Тұрсынай Қойшыбаева.

Маманның сөзіне сүйенсек, жыл сайын қайтарымсыз қаржыны алуға ниетті адамдардың қатары артып келеді. Мемлекеттік гранттар беру бағыты бойынша осы жылға республикалық бюджеттен қаражат бөлініп, 814 адамға грант беру жоспарлануда.

Халық арасында түрлі жағдай болады. Мәселен, мемлекет беріп тұрған мүмкіндікті өз мақсаттарына пайдаланып кететін алаяқтар да кездеседі. Атап айтар болсақ, әлеуметтік желіде «қайтарымсыз грант алуға көмектесемін» деген хабарламалар көбейгені рас. Олардың алаяқ болып шықпасына кім кепіл? Қалалық жұмыспен қамту орталығының маманы мұндай жайттар кездескенін

жоққа шығармады. Орталық дерегіне сүйенсек, өткен жылы онсындай «мемлекеттік грант алып беремін» деген алаяқтық дерегі анықталған. Қайтарымсыз қаржыны алған кімге болса да тиімді. Себебі қарапайым халыққа біршама көмек. Маман нақты талапты түсіндірді. Енді қаржы алуға мүмкіндігі барлар жобаның басталғанын күтетін анық. Өз кәсібін бастауға ынталы азаматтарға мемлекет беріп отырған мол мүмкіндік. Халықтың әлауқатын жақсартуды мақсат еткен бағдарлама өз дәрежесінде жүзеге асуы тиіс.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әділеттік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлады.

Басы 1-бетте

Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл түл, – деп ұлы тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы айтып кеткендей, кемел келешек пен кемеңгер тұлға ілім-білімнің жемісі екені анық. Елдің ілгері дамуына да, жас ұрпақтың көзі ашық болуына да алған білімі мен жиған тәжірибесі себепкер. Ұлт болам деген әрбір адам бесігі мен білімін түзеуі шарт. Осы орайда соңғы жылдары қарқынды жұмыс атқарып жүрген, білім саласына біраз өзгеріс алып келген білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің білім саласына енгізген соңғы жаңалықтарын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Ең алдымен, еліміздің бас ұстазы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, министрге жүктелген тапсырмалары туралы баяндасак. Министр Асхат Аймағамбетовтің Президент қабылдауынан кейінгі «Facebook» парақшасына жариялаған жазбасында «Ғылым туралы» заңға өзгерістер енгізу жұмыстары туралы жазды.

Президент өз Жолдауларында кеңінен тоқталып жүрген ғылым саласына қатысты тапсырмалар жүйелі орындалуда. Мәселен, министр Аймағамбетов «Президенттің осы бастамасының арқасында енді тарих, қазақ тілі, философия, археология, математика, шығыстану және басқа да пәндер салаларында ғылыми зерттеулермен айналысатын 4 мыңнан астам ғалым тұрақты жалақы алады. Сонымен қатар ғылыми жобаларды қаржыландыру мерзімі бұрынғы 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды. Жас ғалымдарды қолдауға постдокторантура үшін 1 000 грант бөлінді. Одан бөлек жас ғалымдарды қолдауға арналған арнайы конкурстар іске қосылды, олардың шеңберінде қазіргін өзінде 2 мыңнан астам жас ғалым 17 млрд теңге грант алды», – деп жазды.

Одан бөлек министрдің мәлімдеуінше, ғалымдардың әлеуетін арттыру шаралары қолға алынған. Жыл сайын 500 отандық маман республикалық бюджет есебінен әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде.

Сонымен қатар А.Аймағамбетов тарих саласындағы жаңа өзгерістер туралы да оқырмандарына айтып берді.

Басы 1-бетте



БІЛІМДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІС

Жазбада көрсетілгендей, бұған дейін Петропавлда тарих пәнінің съезі өткен. Оған 300-ден астам тарих мұғалімі, әдіскерлер мен ЖОО басшылары қатысқан. Қазақстанның бас ұстазы жиында ұстаздар тарапынан айтылған оң ұсыныстар туралы да атап өтті.

Мәселен, «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңарту мәселесі. Мұнда ғалымдар мен тарихшылар 6 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейінгі ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихты толық зерттеуді ұсынған. Одан бөлек, ұстаздар қауымы материалды сынып бойынша бөлу керектігін де айтқан. Мысалы, 2016 жылдан бері бір ғана 6 сыныптың оқу бағдарламасында 12 ғасырға жуық уақытты қамтитын кезең оқытылады. Ұстаздар материалды толыққанды меңгеру үшін бұл оқу бағдарламасын екі сыныпқа бөлуді ұсынған. Министр «АІМАГАМБЕТОВ» атты телеграм каналында бұл ұсыныстың барлығы орынды деп санайтынын және сарапшылар тобында қосымша қаралатынын айтты.

Сонымен қатар министр өз жазбасында тарихқа қатысты енгізілген өзгерістерді де атады. Бұдан былай Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы оқулықтары енді еліміздің барлық мектебі үшін бірыңғай және базалық болмақ. Жоғары оқу орындарында

қазіргі «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының» орнына «Қазақстан тарихы» пәні оқытылады, яғни бағдарлама тарихтың басқа да кезеңдерін, дәлірек айтқанда, ежелгі, орта ғасырлар және жаңа заманды қамтиды. Сондай-ақ ғылыми бағытта білім алған тарихшылар қайта даярлау курстарынан өтіп, кейін мектепте сабақ бере алады. Қорытынды аттестаттауа бұрынғыдай жазбаша ғана емес, ауызша және жазбаша түрде өтеді. Жиынтық бағалау мұғалімнің қалауы бойынша ауызша немесе жазбаша түрде жүргізілуі мүмкін.

Петропавлда Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты сияқты ҒЗИ филиалдары ашылуда. Министр ол институттар осы өңірлерде ауқымды археологиялық зерттеу ұйымдастыратынын хабарлады.

Сондай-ақ білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов елдегі барлық өңірдің студенттерімен, студенттік парламенттердің, Жастар ісі жөніндегі комитет өкілдерімен және ЖОО-ның проректорларымен кездесті. Кездесуден кейін ол құрылымдық бөлімдерге берген тапсырмасы туралы желіде жазба жариялады.

Соның ішінде министр ЖОО басшылығы студенттердің бастамаларын қолдау керектігін айтып, студенттер ұсынған қызықты жобаларды универ-

ситеттер мүмкіндігіне қарай қолдау, әсіресе, қаржылай қолдау керектігін айтты.

Одан бөлек әр университетте студенттік парламенттер құрылуы керек. Мұның себебін министр: «Мұндай ұйымдар студенттердің саяси және құқықтық мәдениетін дамытады. Бұл парламенттердің формализм үшін ғана жұмыс істемеуі маңызды. Студенттік парламенттің мүшелерін студенттердің өздері сайлауы керек. Ал сайланған өкілдерге мәселелерді шешу үшін белгілі бір мүмкіндіктер ұсынылуы қажет. Мысалы, олар бос гранттарды немесе Президенттік стипендияны және т.б. жұмысты келісе алар еді. Осы және басқа да мәселелерді студенттік парламентпен келісіп қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп түсіндірді.

Қоғамдық маңызы бар іс-шаралармен айналысатын волонтер студенттердің санын көбейту үшін ынталандыру жұмыстары жүргізілмек. Мысалы, министр тапсырмасына сәйкес енді 20 сағаттық волонтерлік қызмет үшін студенттерге ваучер түрінде несиелер беріледі. Сондай-ақ олар 20 000 теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем ала алады. Егер студент 50 сағат жұмыс істесе, онда оған бес академиялық кредит (сағат) есептеліп, 50 000 теңге төленеді.

Асхат Аймағамбетов дебат қозғалысын белсенді түрде дамыту жұмысы атқарылып жатқанын айтты. Олар факультеттерден бастап, барлық деңгейде жүргізілуі керек. «Өзім де бұрынғы дебатқа қатысқан студент ретінде қазіргі студенттерді дебат қозғалысына белсенді қатысуға шақырамын», – деп министр студенттерге үндеу жасады. Сонымен қатар әлі барлық университет студенттерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ете алмай отырғанын айтып, спорт зал студенттерге қолжетімді болуы керектігін жазды. Сонымен қатар студенттік спорт лигаларын да дамыту қажеттігін де алға тартты.

Министр сөз қорытындысында қазіргі таңда министрлік жанынан 70-тен астам студенттен тұратын студенттік кеңес құрғанын атап өтті. Сонымен қатар әрі қарай да тоқсан сайын студенттермен кездесіп, айтылған ұсыныстар бойынша бірлесіп жұмыс істейтінін жеткізді.

Асхан НУРАЗГАЛИ

ӘСКЕРГЕ КІМ БАРМАЙДЫ?

Қызылорда қаласында 18-27 жас аралығындағы азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары 1 наурыздан бастау алып, маусым айының аяғына дейін жалғасады. Бүгінде 1293 шақырушыға «Шақыру парағы» таратылып, әскерге шақыру пункттеріне келуі туралы хабардар етілді, – деді Парасат Жанабегенов.

Иә, әскерге шақыру жылдағы тәртіппен жүргізіліп келеді. Бірақ соған қарамастан борышын өтеуден қашу көпшілік үшін жаға ұстататын жаңалық болмай қалды. Алайда қазір тәртіп өзгерді. Әскерге шақыртуды елемей, медициналық тексеруден өтуге келмеген жігіттерге 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Кейін қайда барсаң да осы қағаз алдыннан шығалы да тұрады. Шетелге шыға алмайсың. Ол аз десеніз, денсаулығына қасқана қысым келтіріп, жалған анықтама жасап алатындар айыппұл арқалайды. Ал кейбір жағдайда үстінен қылмыстық іс қозғалып, әскерден қашқан азамат үш жылға абақтыға қамалуы мүмкін. Ал әскерден босатылатындар жайы мүлдем бөлек. Жоғарыдағы қатандырылған шаралардың оларға қатысы жоқ. Бұл жайында Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник Алмас Чункуновпен тілдескен едік.

– Азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі бойынша

Басы 1-бетте

беріледі. Оның ішінде отбасы жағдайлары, білім алу-ды жалғастыру үшін, денсаулық жағдайы, басқа да себептер болуы мүмкін.

Ал әскери қызметке және әскери жиындарға шақырудан босатудың жайы мүлдем бөлек. Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған, жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған, туыстарының бірі (өкесі, анасы, аға-інілері немесе апасы-інілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған, басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткергендер босатылады. Сондай-ақ еліміздің арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендер, ғылыми дәрежесі бар азаматтар, тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері босатылады, – деді Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы Алмас Тілеуқабылұлы.

Ел ішінде осыдан біршама уақыт бұрын кесарь тілігімен туған баланың әскерге шақырылмайтындығы туралы ақпарат тараған еді. Алайда басқарма бастығы бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын айтып отыр. Оның айтуынша, әскерге шақырылған азамат

|| **P.S.** Отанды қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы әрі міндеті. Бұл Ата Заңымызда да тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Біздіңше, тепсе темір үзетін қазақтың қара нардай жігіттері бар күшін елді қорғауға жұмсауы керек. Сонда ғана шекарамыздан ешкім аттап өтпейді.

психикалық аурумен тіркеуде тұрмаса, медицина мамандарының анықтамаларына сәйкес борышын өтеуге жарамсыз деп танылмаса, әскерге шақыртылады. Міне, анығы солай.

Мақала басында әскерге шақыртылатын азаматтардың көбісінің басында несиелер бар екенін айттық. Полковник «басында несие бар азаматтар шақырылудан босатыла ма?» деген сауалымызға үзілді-кесілді «жоқ» деп жауап берді. Оның айтуынша, қазір еліміздегі барлық банктермен әскерге шақырылған несие бар азаматтардың «әскерде болған бір жылда несиеін уақытша тоқтату» туралы келісім бар. Қазіргі таңда уақытша үзіліс туралы «Каспий банкпен» де келісім-шарт жүргізіліп жатыр екен.

Расында, мемлекет азаматтарға әскерге «қалайда баруың керек» деп міндеттеп отырған жоқ. Егер шынымен жоғарыдағыдай, денсаулығы болмаса, білім алса, темірдей қатты әскери тәртіп те борышкердің мүмкіндіктерін ескерді. Жоғары оқу орнының күндізгі бөлімінде оқитын студенттер оқуын аяқтағанша әскерге бармайды. Одан кейін міндетті. Әскерге барудан үйленген, 1 баласы бар азаматтар мен денсаулығы жарамсыз азаматтар босатылады. Ал бір жылын әскерге жұмсағысы жоқтарға 40 күндік даярлықтан өтуге мүмкіндік қаралған.

МЕКТЕПТЕГІ ҚҰС БАҒЫ

Соңғы жылдары елде білім беру сапасы да, форматы да өзгерді. Мектеп оқушыларының білім алуына жағдай жасау және ілім-ғылымға құштарлығын арттыру бүгінде қарқынды жүргізілуде. Солай болуы шарт. Өйткені келешектің тұтқасын ұстар болашақ азаматтарымыздың көзі ашық, оқыған-тоқыған болуы маңызды. Осы орайда олардың білім алуға деген құштарлығын арттыру, бос уақытын қызықты да тиімді өткізу керек. Бұл мақсатта әр мектеп өзіндік ерекшелікті қолға алған. Соның бірі – шаһардағы Нағи Ілиясов атындағы №9 мектеп гимназиясы.

Өз шәкірттеріне экономика және экология бағытында білім беретін бұл мектептің бір ерекшелігі – мектеп ауласындағы құс бағы. Иә, мектеп ауласында кәдімгі зообак бар. Тордан арнайылап жасалған ұяда үнді, алтын түсті павлин, румын қырауылары бар. Оқушылар үзіліс кезінде құстарға қамқорлық жасайды. Ал мектепке келген ата-аналар құс бағын тамашалай алады. Айта кетерлігі, мектеп ауласына құстарды орналастыруға қалаалық білім бөлімінен арнайы рұқсат алынған және құстардың ветеринариялық құжаттары да бар. Яғни павлиндер мен қырауылдардан келіп кетер зиян жоқ.



Қазіргі таңда мектеп ұжымы құстарды күтіп-бағып қана қоймай оларды оқушылардың ғылыми жұмыстарына да пайдалануда. Мәселен, мектептің 11 сынып оқушысы Аян Орынбасар құстарға қызығушылық танытып, қазіргі кезде оларды зерттеумен айналысуда. Бұрын оқығанын тәжірибе жүзінде іске асырып, зерделеу оңайлы екенін айтты.

– Бұл құстар бағының бізге берер мүмкіндігі көп. Н.Ілиясов атындағы №9 мектеп экономика мен экология бағытында білім беретіндіктен мектеп оқушылары бұл құстарды зерттеу жұмыстарымен айналыса алады. Одан бөлек бұл баққа оқушылар мен ата-аналардың да қызығушылығы жоғары. Құстар бағын білімін жетілдіру мақсатында пайдаланған алғашқы оқушылардың бірімін. Жетекшімен бірге павлин мен қырауылдарды тереңірек зерттеп, олардың ерекшеліктерін де анықталдық, – дейді озат оқушы Аян Орынбасар.

Қазіргі таңда ерекше құстармен ғылыми жоба қорғайтын ол өзге мектептерге де насихаттап та жүр. Құс әлеміне қызыққандар құстармен жақынырақ танысу үшін арнайы келіп тамашалап кетеді екен.

Жалпы табиғатта бұл құстар көп өмір сүрмейді екен. Мысалы, алтын қанатты павлиннің табиғатта, жабайы аймақта орташа өмір сүру көрсеткіші 6-10 аптаны ғана құрайды. Ал оларды қолда өсіру арқылы 15-20 жылға дейін өмір сүретін жағдай жасауға болады. Яғни, мектеп ұжымы құс бағын ашып оқушылардың назарын бұрып қана қоймай құстарға өмір сыйлауда.

Құс бағы мектеп оқушыларының оқу-тәрбие үдерісіндегі пәндік білімдерін арттыруда да үлкен рөл атқарауда.

– Оқушылар саябақта қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады. Тәрбие және экологиялық сабақтарда және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қарқынды түрде жүргізілуде. Бұл саябақ мектеп директоры Батырбек Әбиевтің бастамасымен ашылды. Ал құстар саябағын салуға демеушілер көмектесті. Қазіргі кезде мұнда тек павлин мен қырауыл бар. Алдағы уақытта құстар қатарын арттыру да жоспарланып отыр, – дейді №9 мектеп-гимназиясы директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары Сағынш Шүйіндікова.

Асхан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ТЕГІН ЖЕР: ҚАШАН? ҚАЛАЙ? ҚАЙДАН?

Ең алдымен мемлекеттен тегін берілетін 10 сотық жердің жаңа бағдарлама еместігін назарға алған жөн. Яғни бұл кеше басталған іс емес. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50 бабында көрсетілгендей, жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына жекеменшікке, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін 0,10 гектар мөлшерде беріледі.

Сонымен қатар мемлекеттен тегін жер алу үшін оның үйі, пәтері, саяжайы немесе гаражы болуы маңызды емес. Алайда азамат тұрғын үйді қолданысқа беру жөнінде әктіге қол қойылған соң ғана жер телімінің иесі атанады. Бұл жерді сатып жіберуге белгілі бір қиындық туғызды. Сондай-ақ жер телімі бір адамға тек бір рет тегін беріледі.

Мемлекеттен тегін 10 сотық жер алу кезінде тек тұрғылықты жерде ғана ала аласыз деген қауесет те тарады. Алайда мұның жалған екенін білген абзал. Мәселен, сіз электронды үкімет арқылы бірнеше облыстан, бірнеше ауданнан жер алуға тіркеле аласыз. Мысалы, қызылордалық тұрғын кезегі

Басы 1-бетте



келсе Алматыдан жер ала алады. Бұл жерде ең бірінші қай аймақтағы кезегіңіз бірінші келетіні маңызды рөл атқарады. Сіздің кезегіңіз келгенде өзге аймақтағы өтініштеріңіз автоматты түрде алынып тасталады.

Айта кетерлігі, жекеменшік тұрғын үй салуға арналған жер телімін мега-

полистерден алуға мүмкіндік жоқ. Мәселен, Нұр-Сұлтанда жер кезегіне тұру 2007 жылдан бастап, ал Алматыда 2006 жылдан бастап мүмкін емес. 2022 жылғы жағдай бойынша Шымкент қаласында да бос жер жоқ.

Сонымен қатар көпшілік кезегі келген кезде жер автоматты түрде өзінің

атына жазылады деп ойлайды. Алайда үй салынып, қолданысқа берілгенше жер телімі уақытша өтеулі пайдалану құқығымен ғана беріледі. Келісімшартта жерге иелік ету мерзімі көрсетіледі (көп жағдайда 3 жыл). Оны әкімдік бекітеді. Тұрғын үйді қолданысқа беру туралы әктіге қол қойылған соң ғана азамат жер иесі атанады.

Жерді бірден сатып жіберу де мүмкін емес. Өйткені үй салынбайынша сізге меншік құқығы берілмейді, яғни ол жер әлі мемлекеттікі болып саналады. Одан бөлек заң бойынша келісімшартта көрсетілген мерзімде жер мақсатты қолданылмаса, мемлекет қорына қайтарылады. Ал жерді алған азаматқа айыппұл салынады.

Сондай-ақ жердің нақты қанша уақытта берілетіні белгісіз. Барлығы өтініш берілген аймақта дайындалған жер санына және қордың жылдам толықтырылуына байланысты. Жер телімі инфрақұрылым желісімен қамтамасыз етілуі керек, бірақ мұндай жерлер аз. Сонымен қатар кезекке де байланысты. Егер аймақта жер телімі суранысқа ие болса, ұзағырақ күту қажет болады.

А.БІРКЕНОВ

Қазақтың атын әлемге танытқан боксшылар бізде аз емес. Соның бірі – Жәнібек Әлімханұлы. Қазақстандық боксшы алаштың атын танытып, әлем чемпионы титулына жету үшін тағы бір қадам жасады. Ол былтыр әлемнің бұрынғы чемпионы француз Хассан Ндам Нжикамды 8-раундта нокаутпен жеңген болатын. Бүгін біз Әлімханұлының орта салмақта әлем чемпионы атауына мүмкіндігі бар екенін сараптап көрдік.

СПОРТ



ЖӘНІБЕК ҚАШАН МОЙЫНДАЛАДЫ?

Былары қолғап шебері кейінгі екі жекпе-жегінде әлемнің бұрынғы чемпиондарын бірінен соң бірін сұлатты. 2020 жылы WBA тұжырымы бойынша экс-чемпион Роб Брантты, былтыр караша айында WBA мен WBO



тұжырымдары бойынша бұрынғы әлем чемпионы Нжикамды мерзімінен бұрын жеңді. Әлімханұлының өз мәлімдемелерінде «бұрынғы чемпиондармен емес, қазіргі чемпиондармен» жұдырытқасқысы келетінін айтып жүр. Ал орта салмақтағы қазіргі чемпиондар кім? Осыларға тоқталып өтелік.

Кәсіпқой бокста ең абыройлы саналатын төрт ұйым бар. Соның бірі – 100 жылдық тарихы бар WBA (Бүкіләлемдік бокс қауымдастығы). Бұл ұйымның орта салмақтағы белбеуі бұрын біраз уақыт қазақстандықтың белінде болған. Геннадий Головкин 2010 жылы осы титулды алып, оны 2018 жылға дейін 19 рет қорғаған еді. Ал бүгінде бұл ұйымның орта сал-

мақта екі чемпионы бар. Жапониялық Риота Мурата – WBA суперчемпионы еді. Оны жуырда ғана біздің Гена жапониялық боксшыны жеңіп, оның жаңа чемпионы атанды. Ал кубалық Эрисланди Лара биыл WBA тұрақты чемпионы атанған. Ұйымның тұрақты чемпионы кубалық Эрисланди Лара бұл титулын биыл мамырда ғана алған. Әзірше белбеуін қорғап үлгерген жоқ. Әлімханұлы бұл боксшыны жиі жекпе-жекке шақырып жүр. Бірақ Жәнібек бұл титулға әзір үміткер бола қоймас. Себебі қазақстандық боксшы әзірше WBA рейтингіне кірмей тұр.

Ендігі кезек – WBO. Әлімханұлы америкалық Деметриус Андрадені жекпе-жекке жиі шақырып жүр. Себебі Андраде WBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы. Андраде үш жылдан бері белбеуін ешкімге бермей келе жатыр. Жалпы, WBO белбеуі Головкин үшін де арман болып кеткен, ол бұл титулды кезінде Ұлыбританиялық Билли Джо Сондерстен ала алмаған еді. Дәлірек айтқанда, жекпе-жек ұйымдастыра алмаған. Сондықтан Әлімханұлы WBO титулына көз тігіп отыр. Оның үстіне рейтингінде де жағдайы жаман емес. Бүгінде WBO рейтингінің екінші орында

тұр. Бірінші орында мексикалық Хайме Мунгия келеді. Егер Жәнібек әлем чемпионы атанғысы келсе, осы титулға таласқаны абзал. Мұны өзі де жақсы түсінеді. Былтыр Нжикамды жеңгеннен кейін Андрадені тағы жекпе-жекке шақырған болатын.

Әлімханұлының командасы сөзден іске көшкенге ұқсайды. Америкалық инсайдер Лэнс Пагмайрдың мәліметінше, Жәнібектің менеджері Эгис Климас WBO-ға Андраде – Әлімханұлы жекпе-жегін ұйымдастыруға өтінім жіберген. Оның жауабы алдағы күндері белгілі болды. Сондықтан бәрі жоспардағыдай өтсе, Әлімханұлы биыл әлем чемпионы атағы үшін жекпе-жек өткізуі мүмкін.

Енді WBC-ге көшелік. Ал орта салмақта WBC тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағы қазір америкалық Джермалл Чарлода. Чарло бұл титулды 2019 жылы маусымда иеленген. Оның алдында ол Головкин мен мексикалық Сауль Альваресте болған. WBC рейтингінде Әлімханұлы 4-орында тұр. Алдында Хайме Мунгия, Сергей Деревянченко, кіші Крис Юэбн секілді боксшылар бар. Бірақ WBC титулы үшін

Чарломен жекпе-жек өткізуге Әлімханұлына қарағанда, Головкин жақындау. Көптеген сарапшы Головкин Муратаны жеңген соң, Чарломен қолғап түйістіруі мүмкін екенін жазып жатыр. Чарлоның өзі де Головкинді талай рет рингке шақырған. Сондықтан биыл Головкин мен Чарло жекпе-жегін көріп қалуымыз мүмкін.

IBF тұжырымы да өзгеше. Әлімханұлы көз тікпей отырған жалғыз титул – IBF белбеуі. Себебі бұл титул қазір отандасы Геннадий Головкинде. Жәнібек таяуда Головкинге ағасындай қарайтын, сондықтан онымен жекпе-жекке шықпайтынын айтқан еді. Сондықтан IBF титулы Головкинде болған кезеңде Әлімханұлы бұл белбеуге қарай қоймас. Негізі бұл ұйымның рейтингінде қазақстандық боксшы көп. Титул Головкинде деп айттық. Әлімханұлы 9, Мейірім Нұрсұлтанов 10-орында тұр. Ал 13-сатыда Қанат Ислам келеді. Сонымен қатар негізгі ұйымдар қатарына кірмесе де, талай мықты чемпионы болған IBO-ны да айта кеткен жөн. Қазір орта салмақта IBO титулы Геннадий Головкинде.

Биыл Жәнібек Әлімханұлы үшін шешуші кезең болмақ. Ол келер жылы 29 жасқа толады. Үлкен жекпе-жектерге шығатын кезі келді. Головкин әлем чемпионы атанғанда 28-де еді. Сондықтан Жәнібек үшін әлі ештеңе кеш емес. Бірақ Нжикамнан кейін «қазақ стилін» көрсететін үлкен шоу күтеміз. Ал әзірше отандасамыздың WBO Global және WBC Continental секілді титулдары бар.

Бүгінде Жәнібектен қазақстандық және әлемдік сарапшылар үлкен үміт күтеді. Өйткені оның жылдамдығы, шаршамауы, техникасы соңғы 3-4 жылдық боксөуір қауымды тәңгі еткен. Мықтымын деп санаған тайпаларды соққылары есеңгіретіп, берілуге мәжбүрлеген. Енді биылғы жылдан қазақ жұрты үміт күтуде. Егер сәтін салса, Жәнібек чемпион атануы әбден мүмкін. Қазір ашық дереккөздерге көз жігіртсеңіз, сарапшылардың да пікірі осыған саяды.

Әлемде Португалия футболшысы Криштиану Роналдуды білмейтін жан кемде-кем. Соңғы онжылдықта әлемнің ең үздік ойыншысы атағы үшін аргентиналық Лионель Мессимен жарысып келген бомбардир 2018 жылы италияның Ювентус клубына ауысқан болатын. Ювентус Роналдуды өз сапына қосу үшін трансферлік терезде 100 миллион еуро жұмсады. Ал футболшы жылына 30 миллион еуро табыс табатынын мәлімдеді. Араға үш жыл салып өзінің жеңісті жолы басталған Манчестер Юнайтедке қайта оралды.

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АЯҚДОПШЫ

Тарқатып айтайық. Роналду 2009 жылдың жазында ағылшындық Манчестер Юнайтедтен Реал Мадридке 94 миллион еуроға ауысып, трансферлік құны бойынша рекорд жаңартқан еді. Шабуылшы корольдік клубта 9 жыл бойы өнер көрсетті. Осы аралықта ол Ла Лиганы (2), Испания кубогін (2), Испания супер кубогін (2), Чемпиондар лигасын (4), УЕФА супер кубогін (3) жеңіп алды. Сонымен қатар әлемнің ең үздік футболшысына берілетін «Алтын допты» 4 рет, маусым бойы ең көп гол соққан үздік сұрмергенге берілетін «Алтын бутсаны» төрт рет қанжығасына байлады. Ол 438 ойында 451 гол соғып, корольдық клубтың та-

сеکیلді жас ойыншыларға көз тіккен болатын. Міне осыдан кейін ойыншы мен президент арасында дау туындады. Бұл жайында испан басылымдары октын-октын жариялап отырды. Роналдуга жазғы ауысым кезінде франциялық Пари Сен-Жермен және кытайлық бірнеше клубтан жылдық табысы 45 млн еуро болатын ұсыныстар түскен. Алайда ойыншы мансабын Ювентуске жалғастыруды жөн санап, ақыры ауысып тынды.

қажет еді. Оның үстіне клуб жаттықтырушысы Миссиано Аллегримен арасы өте жақсы болатын. Ювентус соңғы жеті жылда ел біріншілігін ешкімге бермей келеді. Алайда клуб еуропаның кіл мықтысы бақ сынасаытн Чемпиондар Лигасында топ жара алмай келе жатқанына көп болды. Тіпті соңғы екі жылда осы турнирдің финалына шығып тұрып, екеуінде де қарсыластарына есе жіберген болатын. Сол себепті турнирдік клуб әлі де болса «Реал», «Барселона» және «Бавария» клубтарының деңгейіне жете алмай келеді. Ал Криштианудың келуі осы турнирде жеңімпаз атанып, тарихтың жаңа бетін ашуға үлкен

болды. Жыл сайын тым құрығанда бір кубок алатын испандық клуб Роналдудың кетуімен бір-ақ сәтте жанкүйерлердің сенімінен айырылып, төмен құлдырап кетті. Турнирдік клуб болса Италия супер кубогі мен өз чемпионатында топ жарды. Ал маусым қорытындысы бойынша Серия А-ның жыл футболшысы марапаты португалдық сұрмергенге бұйырды. Айта кетейік, Ұлттар лигасының актық сынында Нидерланды мен Португалия құрамасы кездесіп, 1:0 есебімен Криштианудың ұжымы жеңіске жеткен болатын. Ал Роналду бұл турнирдің де ең үздік ойыншысы деп танылды. Міне, осынау тарихи ауысым кос клубтың да маусым бойғы ойынына үлкен әсер етті. Бірі құлдырады, бірі жаңа биікке көтерілді.

Роналду Ювентус сапында бірнеше жыл доп теуіп, Серия-А, Италия кубогі, Италия суперкубогіне қол жеткізді. Бірнеше маусым клубтың үздік сұрмергені атанды. Былтыр жазғы трансфер кезінде португалдық ойыншы кезінде өзінің бағын ашқан англиялық «Манчестер Юнайтед» клубына ауысты. 2021-2022 маусымда 21 гол мен 3 нәтижелі пас берді. Маусым соңына дейін әлі гол соғары анық. Айтпақшы, аты аңызға айналған бұл ойыншы қазір әлемдегі ең көп гол соққан ойыншы. Роналдудың Португалия мен клубтық деңгейде соққан жалпы голы 808-ге жетті. Мессиден сәл де болса, көші ілгері.

Ендігі мәселе – «Алтын доп». 2023 жылдың қысында «France Football» журналы әлемнің үздік ойыншысын анықтайды. Өткен жылы бұл атақты аргентиналық шабуылшы Леонель Месси иеленді. Ал алдағы маусымда бұл мәртебеге үміткер есебінде Роналду мен Мессидің қайта түсері күмәнсіз. Қазір екеуінде салған голдарының арасы алшақ емес. Дегенмен қысқа дейін біршама уақыт бар. Осы аралықта кім қанша гол соғып, қанша нәтижелі пас берері белгісіз.

рихындағы ең үздік бомбардир атанды. Ал ұлттық құрама сапында 2016 жылы Еуро бәсекесінде топ жарса, одан кейін Ұлттар лигасының жеңімпазы атанды. Осылайша ұлттық құрама сапындағы көрсеткіші бойынша Мессиді басып озды. Себебі Лионель Аргентинамен Копа Америкада бір рет қана жеңіске жетпеген.

Тақырыпқа оралайық. Жалпы, бұл тарихи ауысымның бірнеше себебі бар еді. Айтпағымыз Ювентуска трансфері жайында. Бірінші себебі – ақша. Роналду спорттық нәтижелерге ғана емес, жалақысына да үлкен мән беретін ойыншы. Ол үнемі Барселонаның шабуылшысы Мессимен тең дәрежеде бәсекеге түскісі келеді. Өйткені соңғы бес жылда Барселона Мессиге 2 рет жас-сартылған келісім-шарт ұсынды. Оның үстіне Реал Мадрид президенті Флорентино Перес жасы отыздан асқан Роналдуга табыс көзі ретінде қарай бастаған. Өйткені Перес португалдықтың үздік ойыншына қарамастан енді танылып келе жатқан Неймар, Мбаппе, Азар

Реал Мадридтің бұрынғы президенті Рамон Калдерон Криштианудың ауысымынан кейін: «Команданың ойыншына шешуші роль атқарып, әр маусымда 50-ден астам гол соғатын чемпионды ауыстыру оңай емес. Өткен тоғыз жылда Флорентино Перес Реал Мадридке өте жақсы шешімдер қабылдады. Алайда Раул мен Икер Касильястан кейін сабақ алмағаны өкінішті», – деді. Екінші себеп – спорттық мансабы. Роналду әрқашан биік шыңдарды бағындыруға тырысатын ойыншы. Сондықтан оған үлкен өзгерістер

мүмкіндік беретінін болжаған клуб басшылығы ерте қамданды. Олар оның жасына қараған жоқ. Өйткені ойыншының жасы 33-те болғанмен физиологиялық тұрғыда және алаңдағы керемет ойыны жағынан алдына қара түсірмеген еді. Ұтымды сәтті өз пайдасына жаратқан Ювентуска жыл табысты болды. Әлемдегі ең үздік футболшының келуі клубтың танымалдылығын одан әрі арттырып, әлемнің назарын өзіне бұрды. Сонымен қатар клуб жанкүйерлерінің саны миллиондап көбейді.

Осыдан соң Реал Мадрид басты қарсыласы саналатын Барселонадан 19 ұпай артта қалып, турнирлік кестеде Атлетикодан кейін үшінші орынға тұрақтады. Ал Испания кубогі мен Чемпиондар лигасында жеңіліс тауып, жарысты уақытынан бұрын аяқтауға мәжбүр

Қазақ елі үшін тағы бір жағымды жаңалық. Жуырда шетелдік танымал Sportskeeda.com сайты аралас жекпе-жек әлеміндегі ең белді ұйым – UFC-дегі барлық айқастарын айқын жеңіспен аяқтаған спортшылардың рейтингін жария етті. Үздіктер тізімінде жартылай орта салмақта күш сынасып жүрген қазақтың қайсар ұлы Шавкат Рахмонов та бар.

Өзбекстанда дүниеге келген 27 жастағы Рахмонов аталған рейтингте екінші орында тұр. Ол өзінің тоғыз қарсыласын бірінші раундта есінен тандырса, бесуесін екінші кезеңде ойсырата ұтты. Тек осыдан төрт жыл бұрын Астанада өткен жарыста өзбекстандық Фаридун Одиловтың ғана біраз уақыт бойы Шавкаттың екпінді шабуылына тойтарыс беруге шамасы жетті. Бірақ үшінші раунд бел ортаға таяғанда қазақ спортшысы оны ұрып жықты.

Қазіргі кезде қандасымыз өз салмағы бойынша UFC-

рейтингінде 15-орынды иеленуде. Ол осы промоушендегі үш кездесуінде де қарсыластарын бас көтертпей ұтты. Биылғы жылдың маусым айында жерлесіміз үздіктер тізімінде 10-сатыға жайғасқан америкалық Нил Мэгнимен айкасады. АҚШ-тың мықты спортшысын жеңген жағдайда Шавкат Рахмоновтың беделі күрт өсіп, рейтингте де бірнеше сатыға жоғарылайтыны анық.

Жоғарыда аталған рейтингте Том Аспиналді көш бастап келеді. 28 жастағы Ұлыбритания өкілінің осы спорт түрін серік еткелі сегіз жылға жуықтады. Сол аралықта 14 мәрте октагонға шығып, 12 бәсекеде оның мерейі үстем болды. Том UFC-дегі барлық бес кездесуін мерзімінен бұрын аяқтады. Ол Джейк Колье, Алан Будю, Андрей Орловский, Сергей Сивак және Александр Волос сынды санлақтардың тас-талқанын шығарды. Алыптардың рейтингінде Аспиналді алтыншы орынды еншілеуде.

Үшінші орынды ОАР өкілі Дрикус дю Плессис иеленсе, шотландиялық Пол Крэй пен испаниялық Хозель Альварес төртінші және бесінші сатыларға табан тіреді. Бұл жігіттердің барлығының спорттық карьерасында жеңілістер болғанымен, UFC жарыстарында олар ешкімге есе жіберген емес.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР САЙЫСЫ ӨТТІ

«Балалар жылына» орай Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен қала және шет аумақтардағы балалар мен жасөспірімдерді кешенді мәдени-спорттық шарамен қамту мақсатында 5 сәуірден бастап ұлттық спорт түрлерінен сайыс өтуде.



Аталған жарыс Батырхан Шөкенов атындағы саябақта жалғасып, қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шара қаламыздың 7 аумағында, яғни қала орталығы, «Ақмаржан», «Титов», «Сырдария», «Мерей», «Әл-Фараби» және «Сол жағалау» тұрғын аудандарындағы



800-ден аса мектеп оқушыларын қамтыды. Жарыс барысында оқушылар қол күрес, арқан тартыс, гир көтеру, бес асық, тоғызқұмалақ, ләңгі тебу, асық ату секілді спорт түрлерінен жарысқа түсіп, өзара мықтыларды анықтады.

Әрбір сайыстың жеңімпаздарына қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің малактамалары мен медальдары табысталды. Сайыс кезінде қала өнерпаздарының концерттік бағдарламасы ұсынылып, Б.Шөкеновтың репертуарындағы әндер шырқалды. Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында асфальтқа сурет салудан «Көңілді палитра» атты қалалық байқау өтті.

Бетті дайындаған
Ақтілек БІТІМБАЙ



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 4261 Танысары №590 Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
---	--	--	--	---